



2017 жылғы 21 сәуірде Астана қаласының Тотенше жағдайлар департаментінде Департамент қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында және кәсіптік дайындық бойынша сабақтар шеңберінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің Жемқорлықтың алдын алу басқармасының басшысы Аскар Рашидұлы Рахматуллинмен жеке құрамның кездесуі өтті.

Кездесу барысында Басқарма басшысы жеке құрамға сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласында Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарын жеткізді, елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының өзектілігіне, жүйелілігі мен кешенділігіне ерекше көңіл аударды, сонымен қатар Агенттік пен аумақтық бөлімшелердің негізгі міндеттерін түсіндірді. Оз сөз сойлеуінде А.Р.Рахматуллин айтқандай, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша шаралар, егер оған қоғамның барлық мүшелері жаппай қолдауға сеніп қатысатын болса, тиімді болады, - бұл біздің ортақ қызмет».

Сонымен қатар, кездесу соңында қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыбына бейнеролик көрсетілді.

Астана қ. ТЖД кадр жұмысы бөлімінің бастығы азаматтық қорғау полковнигі К.А.Амангелдинов қызметкерлердің ҚР Мемлекеттік қызметшілері этикалық әдеби нормаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау қажеттілігіне көңіл аударды.



Астана қ. ТЖД Кадр жұмысы бөлімі